

Отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 01 қазандағы № 44/5 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 қазанда № 5182 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 12 қазандағы № 5/9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 12.10.2016 № 5/9 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 5-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес Шиелі ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, спорт, мәдениет, білім берудің педагог қызметкерлеріне және ветеринария саласындағы мамандарға, оның ішінде ветеринариялық пункттердің мамандарына тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға бюджет қаражаты есебінен 3 (үш) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай өтемақы түрінде әлеуметтік көмек берілсін.

Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шиелі аудандық мәслихатының
сессия төрағасы*

Н. Палымбет

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қызылорда облысының жұмыспен
қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысының міндетін атқарушы*

А.Алдажаров

01.10.2015 жыл

*Шиелі аудандық мәслихатының
хатшысы*

Ә. Оразбекұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК